

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын сақтау
мәселелерін түсіндіру бойынша өткізілген**

дөңгелек үстел хаттамасы:

15.03.2023ж.

Қатынасқандар саны: 30

Күн тәртібінде

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарымен таныстыру

Тыңдалды:

1. Сармалаева С.К.-директордың тәрбие жөніндегі орынбасары, өз сөзінде осы дөңгелек үстелдің негізгі мақсатын атап өтті, яғни жемқорлыққа қарсы күрес бұл өсіп келе жатқан жас ұрпақ өз құқықтарын біліп, «Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы Заңын», оның баптарын саралай отырып, білімдерін кеңейту керектігін атап айтты. Сонымен қатар Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылғы 2 ақпандағы жарлығымен Қазақстан Республикасының 2022-2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тұжырымдамасын бекіткені, құжатта ағымдағы жағдайға талдау жасалып, алдағы жылдарда шешілетін міндеттер айқындалғаны аталып өтті.

Тұжырымдама зардаптармен күрестен сыбайлас жемқорлықтың алғышарттарын жүйелі түрде жоюға, жауапкершіліктің бұлтартпастығын қамтамасыз етуге, қоғамдық сананы түбегейлі өзгертуге тұтастай алғанда, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат сыбайлас жемқорлық экономикалық және беделі жағынан тиімсіз болатын жағдайларды болдырмауға бағытталғанын назарға ұстау керектігі айтылды.

2. «Жемқорлықсыз болашақ» тақырыбында педагог –психологы Х.К.Мусрепова баяндама оқыды.

3. Пікірталас сұрақтары төмендегідей мазмұнда болды:

1. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» туралы заң өз деңгейінде орындала ма?
2. Құқық бұзушылық қазіргі талаптарға қарамастан азаймай тұр, не себептен?
3. Студенттер арасында топ сағаттарын осы тақырыпта шаралар жиі өткізілуде, бірақ оның шын мәнісінде орындалысы баяу емеспе?
4. Сыбайлас жемқорлық жойылу үшін әр адам өз құқығын жақсы білуі керек деген пікірге қосыламыз ба?

Шешім:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары бағытында түсіндірме жұмыстарын күшейту мақсатымен мамандармен кездесу ұйымдастырылсын.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілдің міндеттерін
орындауға жауапты тұлға
Хатшы



С.Сармалаева

Е.Кумбаев

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі кеңес отырысы

№1 Хаттама

Уақыты: 8.9.2022 ж.

Қатынасқандар саны: 25

Қаралған мәселе:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасауға бағытталған бағдарламалық іс-шаралар жоспарының орындалысы туралы.

Тыңдалды:

1. Сармалаева С.К.-директордың тәрбие жөніндегі орынбасары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілдің міндеттерін орындауға жауапты тұлға өз сөзінде отырыстың негізгі мақсаты әдеп және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл кеңесінің құрамынның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасауға бағытталған бағдарламалық іс-шаралар жоспарының орындалысын талқылау (сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасауға бағытталған бағдарламалық іс-шаралар жоспары) боып табылатынын атап өтті.
2. Зиганшина Г.Г.-колледждің кәсіподақ ұйымының төрайымы, кеңес мүшесі өз сөзінде кеңес мүшелерінің құрамында барлық қызметкерлердің құқықтары қорғалатындай қамтылғанын атап өтті. Колледжішілік барлық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес шаралары уақытында өткізіліп отырғанын және студенттер де белсенді екендігін айтты.
3. Балмағанбетова Т.Қ., Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің № 61 «Сұлтан» бөбекжайы» жедел басқару құқықығындағы МКҚК директоры, кеңес мүшесі, өз сөзінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасауға бағытталған бағдарламалық іс-шаралар жоспарының мазмұны толық және жан-жақты екенін айта келе, колледж бойынша өткізілген шараларды желіден көріп отырғанын атады.
4. Сармалаева С.К., барлық кеңес мүшелері жоспарды толықтыруға атсалысу, кемшіліктерді ортаға салып отыру керектігін ескертті.

Шешім:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасауға бағытталған бағдарламалық іс-шаралар жоспарының орындалысын кеңес мүшелері қадағалап, кеңес беріп отырсын.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілдің міндеттерін
орындауға жауапты тұлға
Хатшы

С.Сармалаева
Е.Кумбаев